

Бүкіләлемдік радио күніне арналған

«СИМБИОЗ ШЕШІМ: ИНТЕРНЕТ ЖӘНЕ  
САНДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ» атты

III Халықаралық журналистика және коммуникация  
Қысқы мектебінің әдістемелік жинағы

*«Тау-Тұран» Білім беру-сауықтыру кешені  
Алматы облысы, Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық саябағы,  
Қазақстан  
5-7 ақпан 2016 жыл*

Methodical Proceedings  
III International Winter School of journalism  
and communication

«SYMBIOSIS SOLUTION: THE INTERNET  
AND DIGITAL LITERACY»  
dedicated to the World Day of Radio

*«Tau-Turan» educational and recreation complex  
Almaty region, Ile-Alatau State National Park, Kazakhstan  
February 5-7, 2016*

Методический сборник  
III Международной Зимней школы  
журналистики и коммуникации

«СИМБИОЗ-РЕШЕНИЕ: ИНТЕРНЕТ  
И ЦИФРОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ»,

посвященный Всемирному дню радио

*Образовательно-оздоровительный комплекс «Тау-Тұран»,  
Алматы облысы, Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық саябағы,  
Қазақстан  
5-7 ақпан 2016 жыл*

Жалпы редакциясын басқарған  
Саяси ғылымдардың докторы, профессор Г.С. Сұлтанбаева

Жауапты редактор  
аға оқытушы А.Б. Әлімжанова

**Симбиоз шешім: Интернет және сандық сауаттылық: III Халықаралық журналистика және коммуникация Қысқы мектебінің әдістемелік жинағы. 5-7 ақпан, 2016 ж. / жалпы ред. бас. Г.Сұлтанбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 146 б.**

**ISBN 978-601-04-1659-8**

III Халықаралық журналистика Және коммуникация Қысқы мектебінің материалдары әдістемелік жинақ ретінде ұсынылып отыр.

Жинақ оқытушыларға, сондай-ақ студенттерге, магистранттар мен PhD докторанттарға арналған тәжірибелік кеңестер мен нұсқаулықтардан тұрады.

ISBN 978-601-04-1659-8

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

нения новостей, выступают в качестве средств массовой информации, а в последнее время все чаще служат и ареной информационного противоборства. Если в начале, в период своего становления социальные сети создавались для небольшого круга людей, ориентировались на специфичную аудиторию – спорсменов, любителей музыки, возрастную группу, молодежь, то впоследствии круг участников расширился и увеличился в нечислимом масштабе.

Рассмотрение материалов и анализ социальных сетей в контексте СМИ позволил выявить как отличительные особенности работы онлайн-журналистов и публикуемых ими материалов, так и общие черты, присущие традиционной журналистике. Наиболее эффективным свойствам онлайн-публикаций социальных сетей относятся – интерактивность, оперативность, активная обратная связь, демократичность, открытость, многочисленная аудитория и др.

**Әлімжанова А.Б.,**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы*

## **САНДЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ ЖОЛДАРЫ**

Қазіргі заманда ақпараттық ілгерлеудің жаһандануы, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен басымдығының арқасында ақпараттың маңызы бұрынғыға карағандаарта түсті. Жаһандану процесі мен ақпараттық төңкеріс нәтижесінде «бүк планетаның бірыңғай жаһандық ақпараттық кеңістігі» қалыптасты және «жаңа технологиялар қашықтық ұғымын жоқшығарып жатыр». Қоғамның дамуындағы осы кезең қазіргі замандағы ғылымда «ақпараттық заман» деген атауға ие болып отыр.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы жетекші державалардың саясатында көптеген жаңа концепцияларды пайда болуымен сипатталады. Ақпараттық технологияларды қазіргі заманғы саяси қатығыстардағы маңызды рөлі мойындала бастады. Соңғы кезде «ақпараттық соғыс» деген ұғым жайдаланылады, оның көптеген анықтамасы да пайда болып

үлгерді. Вашингтон Ұлттық университеті, Ақпараттық соғыс және стратегия мектебінің деканы Д.Эджер «ақпараттық соғыс» түсінігі Батыс әскерілерінің ішінде әлі күнге дейін қызу талқылаулардың объектісі болып табылатынын атап көрсетті.

Жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды жаппай тұтынуға көшу бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникацияларды иемденген адамдар тобына бүкіл қоғам мен жеке адамды басқаруға жағдай жасады.

Қазіргі кезде ақпараттық соғыс терминіне нақты анықтама берілмеген. Бірақ, осы терминнің екі мағынасын қарастырайық:

1) *Ақпараттық-психологиялық соғыстар*. Бұл басқа мемлекеттің бейбіт халқына немесе әскери қызметкерлеріне белгілі ақпарат тарату арқылы ықпал жасау. Осы терминнің ағылшын тілінен аудармасы белгілі ресми немесе ғылыми анықтамасында «ақпараттық қарсы тұру», «ақпараттық, психологиялық соғыс» деген мағынаны білдіреді.

2) *Ақпараттық қорғаудағы басымдықтар*. Қарсылас тараптың БАҚ қызметіне, даму процестеріне, ақпараттық жүйелерін қорғау арқылы ақпараттық басымдыққа ие болу үшін бағытталған әрекеттердің нәтижесі.

И.Н. Панарин және Л.Г. Панаринаның пікірінше, «XXI ғасырда ақпараттық соғыс қазіргі замандағы әлемдік саясаттың басты құралына, саяси және экономикалық үстемдікке қол жеткізудің тиімді әдісіне айналып отыр» [1].

Белгілі америкалық футуролог Э.Тоффлердің пікірінше, ғылым мен техниканың дамуы біртіндеп эволюция арқылы жүзеге асады. Өткен ғасырдың 50 жылдарының ортасында басталған «ақпараттық жарылыс», яғни ақпараттың көшкін тектес өсуімен байланысты болып отыр. Адам ақпараттың үлкен көлемін жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен өңдей алмайтын дәрежеге жетті. Сол себепті адамзат аяқ басқан үлкен кезең «технологиялық өркениет» деп аталды [2]. Жауға ақпараттық әдіс-тәсілдердің жиынтығы арқылы ықпал жасау әр заманда болған. Ежелгі дәуірде алғашқы ақпараттық шабуылдар элементі мифтерде кездеседі. Ақпараттың күшін өз пайдасына шешуге болатынын басқарушылар әр заманда жақсы білген. Мәселен, Шыңғысхан жорықтар барысында террорға қарсы өздерінің ықтимал дұшпандарына аз ғана қарсы тұрудың өзі жаппай қырып жоюға алып келтінін, олардың жанын тек

мүлтіксіз тізе бұғу ғана аман алып қалатыны жайлы ескертке Қытай деректерінде осы бұйрықты дұшпан орындамай, бір жеб тартса, барлық тұрғын аяусыз қырылып-жойылатын көрсетілед. Басқа дереккөздерге сүйенетін болсақ, тұрғындардың барлығы өлтірілмей, белгілі бөлігін моңғол әскері әдейі аман қалдыры отырған. Осындай әрекеттің басты мақсаты өмірлері сақталы қалған тұрғындардың киян-кескі шара туралы ақпарат тарат арқылы көршілес қоныстары мен қала тұрғындарына үре таратып, олардың еркін моңғол әскерлері жақындағанға дейі бағындыру болған.

Саяси қақтығыстардың сипатының өзгеруінің бір себебі ХІ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында ақпараттық қоғамның немесе білім қоғамының қалыптасуы болып табылады «Ақпараттық соғыс» терминін алғаш рет 1980 жылдары АҚІ Қорғаныс министрлігі және АҚШ президенттері Р. Рейган мен Дж. Буш кезінде Ақ үйде ғылыми кеңесші қызметін атқарған Рона 1976 жылы «Boeing» компаниясына жазған «Weapon Systems and Information War» есебінде қолданған. Алайда кейбі ғалымдар «ақпараттық соғыс» термині алғаш рет 1985 жыл қытайлық ақпараттық соғыс теоретигі Ш. Вэйгуан енгізді деген пікір айтады [3].

Ақпараттық соғыстың басты мақсаты – қарсы жақты е ыркына мәжбүрлеп көндіру арқылы өз мүддесіне сәйкес келеті саяси, экономикалық, әскери, әлеуметтік ұтысқа қол жеткізу. Е мақсатына жету үшін қарсы жақтар ақпараттық және интег лектуалдық ресурстарына ықпал ете алатын және алдап-арбау мүмкіндік беретін кез келген құралдарды қолдануға әзі) Ақпараттық соғысты жүргізудің негізгі бағыттары: қарсыласты өмірлік маңызды – саяси, экономикалық, әскери, қоғамдық, ғылыми-техникалық құрылымдарының қалыпты қызметін жоң бұрмалау арқылы ақпараттық ресурстарын жеңіліске ұшырат; сонымен қатар, компьютерлік желісінің бағдарламалық-те) никалық құралдарының, ақпараттық-телекоммуникациялық жз мысының шырқын бұзу, т.б.; қарсыластың даму деңгейін анытау мақсатында ақпараттық ресурстарына жасырын бақыла орнату, тежеу саясатын ұстану және өз пайдасына шешілуі күш салу, қоғамдық санаға ықпал ету, ақырында қарсы жақт келесі жақтың мүдделеріне сәйкес келетін шешімдер қабылдау мәжбүрлеу; қарсыластың барлық ақпараттық ықпалына тете

беретін мемлекеттің, қоғамның, жеке тұлғаның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету [4].

Жоғарыда айтылғандардың барлығы мемлекеттердің өз ақпаратын қорғауы қажеттігін көрсетті. Солай өмірге ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау түсініктері келді. Ақпараттық қауіпсіздік дегеніміз – мемлекеттік ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ ақпарат саласында жеке адамның құқықтары мен қоғам мүдделері қорғалуының жай-күйі. Ал, ақпаратты қорғау ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені. Тәжірибе жүзінде ақпаратты қорғау деп деректерді енгізу, сақтау, өңдеу және тасымалдау үшін қолданылатын ақпарат пен қорлардың тұтастығын, қол жеткізулік оңтайлығын қолдауды түсінеді. Сонымен, *ақпараттық қорғау* – ақпараттың сыртқа кетуінің, оны ұрлаудың, жоғалтудың, рұқсатсыз жоюдың, өзгертудің, маңызына тимей түрлендірудің, рұқсатсыз көшірмесін жасаудың, бұғаттаудың алдын алу үшін жүргізілетін шаралар кешені. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезін қойылатын шектеулерді қанағаттандыруға бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық әдістер мен құралдардан тұрады.

Алайда кейде осы қорғалған ақпараттарды ұрлап, елдер арасында жанжал тудыратын сәттер де көп кездеседі. Кейде ақпарат құралдарының көмегімен ел арасында ірткі тудырып, саяси қақтығыс, діни алауыздықта орнауы мүмкін. Қоғам салаларының ішінде, әсіресе, саяси сала әр түрлі қақтығыстарға толы. Көптеген танымал философтар, әлеуметтанушылар және саясаттанушылар да қоғамдағы қақтығыстар мен саяси күрес феномендері мен оның себептерін, оны шешудің, алдын алудың жолдарын қарастырған. Бүгінде осындай қақтығыстар интернет арқылы жүзеге асырылып отыр.

Ғаламтор қоғамдық пікірді қалыптастырудағы, адамдар арасында байланыс орнауға мүмкіндік беретін құрал. Алайда, оның төңірегінде туындап жататын даулы мәселелер мен ұлттық қауіпсіздікке зияны тиетін тұстары да жеткілікті [5].

Біріншіден, сандық-ақпараттық кеңістікте ұлт қауіпсіздігіне, ел тұтастығына қатер келтіретін ақпараттар таратылуда. Мәселен, сайттардағы діни экстремистік бағыттағы ақпараттарға еріп, шетел асып, Таяу Шығыстағы соғыс қимылдарына қатысуда. Сонымен бірге, Ата заңымызда тыйым салынған ұлтаралық,


дінаралық азадықты тудыратын және арандатуға апаратын кейбір дүниелер кейде интернет арқылы тарап кетуде. Сондықтан, мұндай ұлтаралық, дінаралық қатынастарға байланысты айтылған ойлардың таралуына жол бермеуіміз керек. Қазіргі елімізде сыналап кіріп жатқан діни ұйымдар бар. Кейде қоғамдық пікір қайшылығы, мәселенің түбегейлі шешілмеуі соны зардаптары. Ол зардаптардың әсері асқынып, бір күн емес, бірнеше жылдарға созылып кетуі мүмкін. Егер оны бүгін шешпесек, болашақта ұрпақтарымыз бәрібір онымен айкасаы болады. Осы ретте ғаламторда бақылау орнату азаматтардың құқығын шектемейді, керісінше тыныштығымызды сақтауға көмектеседі деп ойлаймын. Ол адамдардың ісіне бақылау орнатпес, теріс бағыттардың бел алуына бұғалық салу. Әрине, әр адамның жеке пікірі, айтар өз ойы бар және ақпарат таңдауға құқы бар, плюрализмге заң бойынша еркіндік берілген. Сондықтан, ҚР Конституциясында, Адам құқықтары туралы декларацияға қарсы келмеуді көздей отырып, ұлттық және діни қауіпсіздікті сақтау үшін ақпараттық жүйеге, сандық БАҚ-қа бақылаушы құрылым қажет-ақ.

Екіншіден, бағыт-бағдарын айқындап келе жатқан жаңа медиа туралы түсінік әлі толық қалыптасып үлгерген жоқ. Сондықтан дәстүрлі журналистика өкілдері де, оқырмандары да жаңа медиаға жатсына қарайды, оны уақытша нәрсе, неместеріккеннің ермегі деп санайды. Батыс елдерінде қарқынды дамып келе жатқан интернет-журналистика қазір саясаткерлерге қоғамдық өзгерістерге, адамдардың ой-санасына ықпал етпей алатын күшке ие. Ал біздің елдегі интернет журналистиканың даму кезеңі алда деуге болады. Өйткені онлайн-медиа ешқандай қоғамды жатсынбай тез дамиды сала. Бүгінде «Bag.kz» секілді ірі порталдар айналасына қазақ тілді сайттарды жинап бір орталыққа жүйелеуді қолға алуда. Дегенімен саннан гөрі сапаға жақын мыс істейтін уақыт жетті-ау деп ойлаймын.

Үшіншіден, сарапшылардың пікірінше, соңғы кездері қазақ тілді контенттердің сұранысы артып келеді. Әсіресе, қазақ шоу-бизнесі, қоғамдағы мәселелердің шешілуіне нұсқау беретін сала мамандарының сұхбаттары мен ғылыми танымдық материалдары оқырмандардың қызығушылығын арттыруда. Ендігі кезекте салалық журналистиканы интернет бетінде дамытуды қолға алуымыз қажет.

Төртіншіден, бүгінгі таңда азаматтық журналистика деген ұғым қалыптасуда. Яғни азаматтардың мүдделері мен қызығушылықтарына негізделген ашық қоғам пайда болды. Десек те осы ашық қоғамды желеу етіп өзінің жеке шеберлік сағаттарын өткізетін медиа-тренерлердің көбеюі ұлттық журналистиканың дұрыс бағытта дамуына өзінің әсерін тигізуде. Бұл процестерді арнайы реттеп, рәсімдеп тіркеп, бақылау жүргізіп отырмаса, өз бетімен семинар өткізушілердің не үйретіп жатқанын ешкім білмейді. Ұлттық журналистиканың дамуын арзанқол семинарлармен алмастырмау керек сияқты. Сондықтан арнайы білім беру ордаларымен бірлесіп, ақылдасып өткізуді ұсынар едім.

Бесіншіден, Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» (2009 жылғы 6 ақпанда өзгертілген) Заңға сәйкес, Қазақстандағы интернет-ресурстарды, портал, форум, блог, чат, WAP-портал, интернет-телевидениесі дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына теңестірілді. Демек, интернет БАҚ дәрежесіне теңестіріліп, үлкен мән берілді. Ендігі уақытта, интернет-ресурстарын масс-коммуникация ретінде қарастыруды жолға қою қажет. Өйткені шетелдерде БАҚ түсінігінен гөрі масс-коммуникация, масс-медиа түсініктерін көбірек қолданады. Сондықтан интернетте қозғалатын кез-келген сала сауатты, заңға сай жазылғанын қадағалап отыру артық болмайды. «Интернет журналистика» пәнінде қазақ тілді сайттардың оқылымы мен прайм-тайм уақыттарына zero.kz сайты арқылы контенттік анализдер жасаған болатынбыз.



1-сурет – Ақпараттық сайттардың 1 күндік рейтингісі (zero.kz сайты)



Статистикалық мәліметтер көрсеткендей, халықтың көпшілігі жеңіл әңгімелер мен, шоу-бизнес жаңалықтарын көп қарайтыны анықталды. Ғылыми-танымдық, зерттеулерге қазақ тілінде интернетте әлі де сұраныс болмай отыр. Тек тегін реферат, сабақ жоспарлары салынатын сайттар сұранысқа ие.



2-сурет – Білім және ғылым туралы жиі оқылатын сайттар

Дәстүрлі БАҚ-тан интернет медиаға аяқ басқан телеарна сайттарының да қаралымы жағынан ақпараттық-сараптамалық бағдарламалардың алда тұрғанын байқауға болады (3-сурет).

Қорыта айтқанда, сандық медианың басты ұмтылыстары мен ұтылыстары осындай. Бір білеріміз, ғаламтор пайдасы мен зиянының ара салмағына қарамастан адамзаттың ажырамас құндылығына айналып үлгерді. Енді, оны санамыздан аластап мүмкін емес. Тек ғаламтордың, оның әсерінен туындаған БАҚ формасы – жаңа медианы өз ой-санамызға лайықтап қолдану болғаны. «Қай елдің баспасөз күшті болса, сол елдің өзі де күшті» деп Алаш қайраткері Міржақып Дулатов XX ғасырда айтса, XXI ғасырда бұл аталы сөздің де формасы өзгергенде Яғни, қай елдің ақпарат кеңістігі, ғаламторы күшті болса, сол ел ғана өзінің «ақпараттық кеңістігін» қалыптастырып, ақпараттық экспанциядан қорғанбақ, басқаға мойындатпақ, танытпақ.

Телеарналар	Қараушылары (24 сағатта)	Жігі қаралатын парақшалары	Прайм-тайм уақыт
«КТБ» телеарнасы	27 273	Жаңалықтар, арнаың ресми сайты	19.00 - 21.00
«Қазақстан» Ұлттық телеарнасы	17 202	Арнаың ресми сайты	20.30 - 22.00
«Хабар» телеарнасы	8 276	Арнаың ресми сайты	18.30 - 20.30
«Еуразия» Бірінші арнасы	7 301	Арнаың ресми сайты, «X FACTOR» алтыншы сезон	20.00 - 22.00
Жетінші арна	5 236	Арнаың ресми сайты	20.00 - 22.00
31 арна	3 559	Информбюро, арнаың ресми сайты, Сүйген сұлу	20.00 - 22.00

3-сурет.

1. Бакулев Г.П. Конвергенция медиа и журналистика. Москва: ИПК-2002.-79 б.
2. Почепцов Г., «Информационная война: определения и базовые понятия»//psyfactor.org сайты
3. Расторгуев С.П. Информационная война (М: Радио и связь,1999. — 416 С. — ISBN 5-256-01399-8 ; 219стр.)
4. Бухарбаев Б. Информационные технологии вторженных столкновениях: всмирный опыт и будущее // Алматы 2012
5. Аклаев А.Р. Этнополитическая конфликтология. Анализ и менеджмент. — М.: «Дело»—2005, 20с.